Бекітемін:
№29 «Ай-Керім» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
_____ А.П.Хожамұратова

# «Түрлі түсті шарлар»



«Сұңқар» І кіші топ

Тәрбиеші:Момынова.С.Ә

Шымкент 2021

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі
Тобы: «Сұңқар» Кіші тобы.
Білім саласы: Таным,Шығармашылық,Қатынас
Білім бөлімі: Сенсорика,Құрастыру,Сөйлеуді дамыту
Өткізетін күні: 30.11.2021
Тақырыбы: «Түрлі- түсті шарлар»
Мақсаты: Балаларды шарлардың түстерімен,пішіндерімен таныстыру.
Баланың танымдық,шығармашылық қабілеттерін дамыту.
Балаларды достыққа,әдемілікке,әдептілікке тәрбиелеу.
Көрнекілiктер: Түрлі- түсті шарлар, түрлі түсті бояулар,түрлі түсті қағаздар,сиқырлы кейіпкер,бейне тақта.
Бейне таспа,тақта,сиқырлы қорапша, сиқырлы кейіпкер.
Алдын-ала жұмыстар: Әңгімелесу,көрсету,түсіндіру,сұрақ-жауап
Билингвалдық компоненттері: Шарлар-шарики,қызыл-красный,сары-желтый,жасыл-зеленый.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің қызметі | Балалар қызметі: |
|---|---|---|
| | Шаттық шеңбері.<br>«Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырайды қаламыз;<br>Жайнай түсті даламыз.<br>Қайырлы таң балалар!<br>Қайырлы таң апайлар» | Жартылай шеңбер жасап бірлесе тілік шеңберін айтады. |
| Ұйымдастырушы мотивациялық қызмет түрі. | Тәрбиеші:Сәлеметсіңдерме балалар?<br>-Балалар бүгін біздe ерекше күн.Біздің топқа көптеген қонақтар келіпті,кәне қонақтармен сәлемдесейікші?<br>-Жарайсыңдар,балалар көңіл-күйлерің қалай жақсыма?<br>-Осындай көңіл-күймен орнымызға отырайық.<br>(Балалардың көңілін экранға аудару)<br>-Балалар экранға қараңдаршы мұнда әдемі қорапша тұр екен.Бұл қорапта не бар екенін білгілерің келеді ме? | Сәлеметсізбе!<br><br>-Ия, жақсы<br><br>-Балалар экранға қарайды. |

| | | |
|---|---|---|
| Жетекші жөндеуші | -Мен сендерге жұмбақ жасырамын,жауабын тапсаңдар қорапша ашылады.<br>Жұмбақ<br>Ұшамын әуеде қалықтап,<br>Қолыңа жетсе алып бақ.<br>Қызыл-жасыл түсім бар<br>Сонымнан қане ұшыңдар<br>(Шар) | Балалар: Жақсы!<br><br><br><br>Тәрбиеші көмегімен<br>Шар |
| | –Қорапша ашылып ішінен түрлі-түсті шарлар ұшып шығады.<br>Балалар бұлар не екен?<br>–Ия бұлар шарлар екен.<br>-Шарлардың түстері қандай ?<br>-Мынау қандай түсті шар?<br>–Ал мынау ше?<br>–Мына шар қандай түсті<br>–Дұрыс айтасыңдар?<br>-ал мынау қандай түсті шар?<br>–Жарайсыңдар балалар<br>–Шарлар резеңкеден жасалған,түстері әртүрлі.<br>Шарлардың пішіндері қандай?<br>Шарларды үрлейміз ішіне ауа толады,жеңіл болады,ауаға қалқып ұшады.<br>Шарлар-шарики.қызыл-красный,сары-желтый,жасыл-зеленый,көк-синий | -Шарлар<br><br><br><br><br>-Қызыл, сары,жасыл<br>-Дөңгелек!<br>- 1,2,3.<br><br><br><br><br><br>Бірге қайталайды |
| | -Балалар бейнетаспаға назар аударайықшы,бізге қонаққа кім келе жатыр екен?<br>–Бізге сиқыршы келе жатыр екен?<br><br>Сиқыршы:-Сәлеметсіңдерме балалар!Мен түрлі түсті шарлар әлемінен келдім<br>-Балалар мен сендердің білімдеріңді,өнерлеріңді көруге келдім.<br>Тәрбиеші: -Сиқыршы қош келдіңіз,төрлетіңіз.<br>(Сиқыршы жайғасады) | <br><br>Сиқыршы!<br>Таңырқай қарайды<br>- Сәлеметсізбе! |
| | Сиқыршы:-Балалар мен сендерге үлкен қораппен түрлі түсті шарлар әкеле жатыр едім,қорабым қолымнан түсіп шарлар әуеге ұшып кетті,сиқырымның күші жетпей жатыр.Сендердің сиқырларың керек болып тұр.<br>Тәрбиеші:-Біздің балалар қандай сиқыр көрсетеді,сіз үйретесіз бе?<br>Сиқыршы:- Балалар ақылды ғой мына «Ғажайып қапта» Дидактикалық ойынын ойнайық сонда сиқыр болып шарларым қайтып жиналар.Ендеше балалар біз үстелге келіп,мына ғажайып қорапшаға түрлі түсті шарларды | <br><br>- Ұнады! |

| | | |
|---|---|---|
| | жинайық.<br>–Ой керемет,балалар ғажайып шарларды қорапшаға жинадыңдар.<br>(жинай отырып шарлардың түстерін сұрау)<br>Менің шарларым қорапшаға жиналып жатыр.<br>–Бәрекелді балалар енді орнымызға жайғасайық.Бір сергіп алайық.<br>Сергіту сәті:<br>Қызыл,сары,көк шар<br>Қолымда көп шар,<br>Әуеде қалқиды<br>Әнімізі шалқиды<br>-Балалар көңіліміз көтерілді,енді шығармашылық алаңымызға барып біз сиқыршыға тағы бір өнерімізді көрсетейік.Екі топқа бөлініп біріміз шарларды бояйық,бір тобымыз фетрден шар құрастырайық.<br>• Суретшілер сендерге қағазда шардың жіптері бейнеленген . Шар бейнесі үшін (дәстүрден тыс) бізге ыдыс жуғыш ысқыш шар пішінінде берілген,оны бояуға батырып Б жіптің жоғарғы жағына шардың бейнесін мөрлеу әдісі арқылы қалдырамыз.<br>Жеңімізді түріп іске кірісеміз<br>• Екінші топ мына жерде фетр матасынан шардың бөліктері қиылған,шарды сәйкестендіре отырып құрастырамыз.Іске сәт балалар.<br>-Керемет балалар,жақсы жұмыс жасадыңдар<br>Сиқыршы:-Балалар сендердің білімдеріңнің,өнерлеріңнің арқасында менің шарларым жиналып қорапшаммен бірге келе жатыр екен. | Бірлесе іс қимылмен сергіту сәтін жасайды.<br><br>Мұқият тыңдап ,жұмыс жасайды.<br><br>Маталардың бөліктерін сәйкестендіріп шар құрастырады. |
| флексивті-ктүзетушілік | –Бәрекелді балалар,біз қандай түсті шарлармен таныстық?<br>Бізге қонаққа кім келді?<br>Сендерге оқу қызметі ұнады ма?<br>Сиқыршы:Балалар міне менің ғажайып қорапшам да келді .Қорапшамды сендерге берейін.Мен сендермен қоштасайын.Сау болыңдар балалар!<br>Балалар қорапшаны ашпас бұрын Қимылды | Балалардың жауаптары тыңдалады.<br><br>Сау бол! |

| | | |
|---|---|---|
| | ойын «Маған қарай жүгіріңдер» ойынын ойнайық.<br>Ендеше маған қарай жүгіріңдер.<br>Сол кезде қорапшаны ашып жібереді.Шарлар ұшады.<br>Балаларға шарларды таратып беру. | Балалар барлығы бірге тәрбиешіге жүгірсді,құшақтай ды.<br>Балалар таңырқай қарап,қуанады. |

Күтілетін нәтиже:
Білуі қажет: Түстерді,пішіндерді, шардың суретін салуды;
Қалыптасқан түсініктер: Шарлар арқылы түстерді, ойын арқылы топтастыруды,фетрден шарлар құрастыруды;
Орындаушылық қабілеті: түстерді топтастыруға үйренеді.







